

"КАТЭП" ҰАК-н тексеру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 9 тамыздағы N 377

"КАТЭП" атом энергетикасы жөніндегі ұлттық акционерлік компаниясына "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамының акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығы берілуіне және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінің "Үлбі" МХК-ның лауазымды адамдарына қатысты қылмыстық іс қозғауына байланысты:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Бас салық инспекциясымен бірлесіп 1995 жылғы қыркүйек пен 1995 жылғы шілде аралығындағы кезеңдегі КАТЭП ҰАК-ның қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізсін, КАТЭП ҰАК-на акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер есептеудің дұрыстығын және оның іс жүзінде пайдалануын тексерсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясымен бірлесіп, "КАТЭП" ҰАК-ның құрылтай құжаттарының қолданылып жүрген заңдарға сәйкестілігін, сондай-ақ КАТЭП ҰАК жарғы қорындағы жеке адамдардың акцияларды төлеу бөлігін тексерсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Басшысы С.И.Шуткинге жүктелсін.

Премьер-Министр